

## ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

### «Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

12.06.2023 жыл

Шиелі кенті

#### **КІРІСПЕ БӨЛІМІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып «Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (*әрі қарай - Кәсіпорын*) қызметі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды кәсіпорынның 2023 жылғы 01 маусымындағы №191 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Кәсіпорын бас дәрігерінің пациенттерді қолдау және ішкі аудит жөніндегі орынбасары Курбанғалиева Гульмира Валиуллаевна-топ жетекшісі;

Кәсіпорынның бас дәрігерінің экономикалық сұрақтары жөніндегі орынбасары Накипов Елдос Жолдасбекович–топ мүшесі;

Кәсіпорынның эксперт-дәрігері Майлыбаева Марина Мухамметалиевна–топ мүшесі;

Кәсіпорынның кәсіподақ комитетінің төрағасы Кульманов Ерлан Жаксылыкулы–топ мүшесі;

Кәсіпорын заңгерінің міндетін атқарушы Исламов Нұрлан Сейткамалұлы–топ мүшесі;

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау 01.06.2023-12.06.2023 жыл аралығында жүргізілді.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен 2021-2022 жылдар және 2023 жылдың 5 ай кезеңі қамтылды.

6. Кәсіпорын бас дәрігерінің пациенттерді қолдау және ішкі аудит жөніндегі орынбасары Г.Курбанғалиеваға топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

#### **СИПАТТАМА БӨЛІМІ:**

##### **I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (*әрі қарай - НҚА*) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

##### **Талданатын объект туралы мәліметтер:**

Кәсіпорынның құзіреті халыққа медициналық көмек көрсету болып табылады.

2021 жылы 1537, 2022 жылы 1578, 2023 жылы 1589 қызметкер қызмет атқарады.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, сондай-ақ мекеменің Жарғысына сәйкес іске асырады.

Мекен-жайы: Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Жайлыбаев көшесі №58 әкімшілік ғимарат.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдері туралы мәліметтер:

1. «Стационар» бөлімі.
2. «Туберкулезге қарсы күрес» бөлімшесі.
3. «Психиатриялық» бөлімі.
4. «Бәйгеқұм» бөлімшесі.
5. «Көкшоқы» ауылдық емханасы.
6. «Болашақ» дәрігерлік амбулаториясы.
7. «Күндізгі стационар» бөлімі.
8. «Жахаев» дәрігерлік амбулаториясы.
9. «Еңбекші» дәрігерлік амбулаториясы.
10. «Бидайкөл» дәрігерлік амбулаториясы.
11. «Қарғалы» дәрігерлік амбулаториясы.
12. «Тәжібаев» дәрігерлік амбулаториясы.
13. «Досбол би» дәрігерлік амбулаториясы.
14. «Алмалы» дәрігерлік амбулаториясы.
15. «Бестам» дәрігерлік амбулаториясы.
16. «Бәйгеқұм» дәрігерлік амбулаториясы.
17. «Ортақшыл» дәрігерлік амбулаториясы.
18. «Жөлек» дәрігерлік амбулаториясы.
19. «Ақмая» дәрігерлік амбулаториясы.
20. «Бала би» дәрігерлік амбулаториясы.
21. «Сұлутөбе» дәрігерлік амбулаториясы.
22. «Тартоғай» дәрігерлік амбулаториясы.
23. «Ботабай» фельдшерлік акушерлік бекет.
24. «Алағабас» дәрігерлік амбулаториясы.
25. «Н.Бекежанов» дәрігерлік амбулаториясы.
26. «Қодаманов» дәрігерлік амбулаториясы.
27. «Ақтам» медициналық бекет.
28. «22-бекет» медициналық бекет.
29. «Қосүйеңкі» медициналық бекет.
30. «Байсын» фельдшерлік акушерлік бекет.
31. «Жиделіарық» фельдшерлік акушерлік бекет.
32. «Жансейіт» медициналық бекет.
33. «Ызақөл» медициналық бекет.
34. «21-бекет» медициналық бекет.
35. «Полуказарма» медициналық бекет.
36. «1 мамыр» медициналық бекет.
37. «Бірлестік» медициналық бекет.

38. «Майлытоғай» медициналық бекет.
39. «2-ферма» медициналық бекет.
40. «Қызылқайың» медициналық бекет.
41. «Жуантөбе» медициналық бекет.
42. «Кірпіш зауыт» медициналық бекет.

## **II. Кәсіпорынның қызметіне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілерді зерделеді.

### **Кәсіпорын қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:**

-«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі;

-«Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ Кодексі;

-Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;

-Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі»;

-Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы заңы»;

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы;

-ҚР ДСМ 02.10.2020 жылғы №113/2020, ҚР ДСМ 20.10.2020 жылғы №140/2020 мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а 2020 жылғы 30қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықтары.

**Нормативтік құқықтықактіні талдау жүргізу нәтижесінде мынадай қызметтердің процестерін реттеу бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң бұзушылықтар болмаған.**

## **III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.**

2021 жылы кәсіпорын құрылымында штат саны 1537 қызметкер қызмет атқарған. 71 қызметкермен еңбек шарты бұзылған. 73 қызметкер жұмысқа қабылданған. 2022 жылы кәсіпорын құрылымында штат саны-1578 қызметкер қызмет атқарған. 57 қызметкермен еңбек шарты бұзылған. 60 қызметкер жұмысқа қабылданған. 2023 жылы кәсіпорын құрылымында штат саны-1589 қызметкер қызмет атқарады. Маусым айына дейін 24 қызметкермен еңбек шарттары бұзылды. 24 қызметкер жұмысқа қабылданды.

### **Тәртіптік жауапкешілікке қатысты.**

Тәртіптік шаралар бойынша: 2021 жылы 73 қызметкерге тәртіптік шара қолданылған. 2022 жылы 125 қызметкерге тәртіптік шара қолданылған. 2023 жылдың 5 айында 20 қызметкерге тәртіптік шара қолданылған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### **Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.**

Кәсіпорында қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау барысында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

**Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.**

Кәсіпорындағы бос жұмыс орынға қызметкерді жұмысқа алу кезінде конкурс өткізілмейді.

**Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы** (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.).

Кәсіпорынның кадр жөніндегі маман бос жұмыс орындары туралы ақпаратты «Еңбек кз» сайтына орналастырады.

**Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.**

Кәсіпорындағы бос жұмыс орнына кандидатпен тек әңгімелесу жүргізіледі. Тесттен өткізу жүргізілмейді.

### **Кандидаттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.**

Кандидаттарды жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптары қатаң сақталады.

**Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.**

«Қазақстан республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Кәсіпорын тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей бас дәрігер қызметкердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақытылы қабылдауға, оның ішінде: 1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша қызметкердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа қызметкерге тапсыруға;

2) қызметкердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Қызметкердің, оның тікелей бас дәрігер және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

**Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру.**

Қызметкерлерге конкурстық іріктеулер жүргізілмейді, лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері орын алмаған.

**Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабдықтылығы.**

Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу заңнамалардың негізінде жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу тәртібі мен шарттарын тиісті заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

**Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.**

Қызметкерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге Кәсіпорын тарапынан сыйақы берілмейді.

3.1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының *(әрі қарай - Қағидалар)* 81-тармағына сәйкес, тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты ай ішінде мемлекеттік әкімшілік қызметшіге жаңа жаза қолданылмаса, онда оның тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі.

Осы Қағиданың 82-тармағына сәйкес, егер мемлекеттік әкімшілік қызметші жаңа тәртіптік теріс қылық жасамаса және бұл ретте өзін адал қызметкер ретінде көрсетсе, тәртіптік жаза алты ай өткенге дейін алып тасталуы мүмкін делінген.

Яғни, мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік жазасын мерзімінен бұрын алу барысында уәкілетті адам жазасы бар қызметшілердің тәртіптік жазаларын таңдаулы түрде жүргізу арқылы қызметшілер арасында артықшылықтар таныту сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыру қаупі туындайды деп есептейміз.

Осы ретте, мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік жазасын мерзімінен бұрын алып тастау мерзімін нақты айқындау жөнінде аталған Қағидаға өзгеріс енгізу қажет деп есептейміз.

**ҰСЫНЫМ:**

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларына мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік жазасын мерзімінен бұрын алып тастау мерзімін нақты айқындау жөнінде құқықтық нормасын енгізу туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ұсыным хат жолдау.

**Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.**

Кәсіпорын қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған қызметкерлерге сыйақы беру заңға сәйкес қабылданып келеді.

**2021 жылы**-«Медицина қызметкерлер күні» мекреkesіне, жылды қорытындылап, **2022 жылы**-«Медицина қызметкерлер күні» мекреkesіне, **2023**

жылы-«22 Наурыз» мерекесіне орай қызметкерлерге үнемделген қаражат есебінен сыйақы берілген.

Сонымен қатар, қызметкерлердің атқарған еңбегіне орай, мемлекеттік мекемелерге марапаттауға ұсыныс беріліп келеді.

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдары**

<b>Сыбайлас тәуекеліне шалдыққан лауазым</b>	<b>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер</b>	<b>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері</b>	<b>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі</b>
Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ

#### **IV. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша.**

2021-2022 және 2023 жылдың 12 маусым айын қоса есептегенде-Кәсіпорын бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ

#### **V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.**

Жалпы кәсіпорында мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

#### **VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.**

Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру Кәсіпорынның құзыреттілігінде көзделмеген.

#### **VII. Бақылау функцияларын іске асыру.**

Кәсіпорынмен бақылау функциялары іске асырылмайды.

#### **VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.**

2021 жылы 5897608,3 мың теңге, 2022 жылы 6254435,3 мың теңге, 2023 жылы 12 маусымға дейін 3339318287,11 мың теңге қаржы игерілді.

#### **IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.**

**2021 жылы** мемлекеттік сатып алулар бойынша баға ұсыныстарға сұраным бойынша-94, ашық конкурс бойынша-48, өнім биржасы арқылы-1, бір көзден сатып алу бойынша-135 келісім шарттар жасалды.

**2022 жылы** мемлекеттік сатып алулар бойынша баға ұсыныстарға сұраным бойынша-107, ашық конкурс арқылы-7, өнім биржасы арқылы-2, бір көзден сатып алу бойынша-37 келісім шарттар жасалды.

**2023 жылдың 12 маусым айын қоса есептегенде** мемлекеттік сатып алулар бойынша баға ұсыныстарға сұраным бойынша-71, ашық конкурс арқылы-2, өнім биржасы арқылы 4, бір көзден сатып алу бойынша-13 келісім шарттар жасалды.

#### **X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

Шиелі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы Е-Өтініш, КМИС автоматтандырылған бағдарламалармен, 1414 бірінғай байланыс орталығы және Шиелі аудандық ауруханасының әлеуметтік желісі (фейзбук, инстаграмм) парақшаларымен жұмыс жасалады.

## **XI. Кәсіпорында ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

*Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:*

2022 жылы 43 жеке тұлғадан өтініш келіп түскен.

Ал, 2023 жылы 29 жеке тұлғадан өтініш келіп түскен.

«Е-өтініші» ақпараттық жүйесі негізінде келіп түскен өтініштер иелеріне, уақытылы сапалы жауап берілді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ. Сот тәртібімен даулар деректері орын алмаған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және жою мақсатында ұсыным:

1. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ Кодексін сәйкес жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен жолданымдарды қарау тәртібі бойынша, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V ҚРЗ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы бойынша, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235- V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі бойынша, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226- V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» бойынша жұмыскерлер арасында құқықтық оқытуларды үнемі жүргізіп отыру.

### **2. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне:**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 66-бабының 5) тармағындағы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 82-тармағында тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алудың шекті мерзімдері мен негіздерін нақтылау (енгізу) бойынша ұсыным хат жолдау;

3. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау және уәкілетті органға хаттар жолдауға қатысты іс-шара жоспарын құру.

### **Жұмыс тобының жетекшісі және мүшелері:**

**Жұмыс тобының жетекшісі**

**Г.Курбангалиева**

**Топ мүшесі:**

**Е.Накипов**

**Топ мүшесі:**

**М.Майлыбаева**

**Топ мүшесі:**

**Е.Кульманов**

**Топ мүшесі:**

**Н.Исламов**



*Handwritten signatures in blue ink, including a large signature at the bottom.*